

ЕСЕП

2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Забелов жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметі туралы

Осы 2025 жылға арналған Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Забелов жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызметі туралы есеп Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 193 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік органдар мен қызмет көрсетушілердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі қызметі туралы есепті қалыптастыру және ұсыну қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес дайындалды. Есепте білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін реттейтін қолданыстағы салалық нормативтік құқықтық актілер де ескерілді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығымен бекітілген отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары және өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынды.

1. Жалпы ережелер

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Забелов жалпы білім беретін мектебі» КММ білім беру ұйымдарының және жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатқызылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша білім беру саласындағы қызмет көрсетуші болып табылады.

2025 жылы мемлекеттік қызметтер көрсету жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде, белгіленген мерзімдерді, құжаттарды қабылдау мен қарау тәртібін, сондай-ақ қызмет алушыларды ақпараттандыру талаптарын сақтай отырып жүргізілді.

Осы есепті дайындаудың нормативтік негізін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша есептерді қалыптастыру және ұсыну қағидалары, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, білім алушыларды әлеуметтік қолдау және педагогтерді аттестаттау салаларындағы нақты қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін салалық қағидалары құрайды.

Есепті дайындау және талдау кезінде қолданылған негізгі нормативтік құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 193 бұйрығы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен қызмет көрсетушілер қызметі туралы есепті қалыптастыру және ұсыну қағидаларын және оның үлгілік нысанын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығы «Балаларға қосымша білім беру беру жөнінде қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 172 бұйрығы, онда негізгі орта және жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру қызметін көрсету тәртібі айқындалған;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (кейінгі өзгерістерді ескере отырып).

2. 2025 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсетудің қорытындылары

2025 жылғы ай сайынғы есептілік деректеріне сәйкес мектеп тарапынан барлығы 134 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Ең жоғары жүктеме ІІІ тоқсанға тиесілі болды — 108 қызмет немесе жылдық көлемнің 80,6%-ы. Мұндай динамика оқу жылының басталуымен және мектепке дейінгі ұйымға, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымына қабылдау мәселелері бойынша өтініш берушілердің жаппай жүгінуімен түсіндіріледі.

Есепті кезеңде ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызмет «Қосымша білім беру ұйымына қабылдау» болды — 83 қызмет (жалпы көлемнің 61,9%-ы). Одан кейін «Мектепке дейінгі ұйымға қабылдау» қызметі — 17 қызмет (12,7%) және «Жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мектепке қабылдау» қызметі — 12 қызмет (9,0%).

Жекелеген мемлекеттік қызметтер жыл бойы эпизодтық сипатта көрсетілді. Атап айтқанда, білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру, педагогтерді аттестаттауға құжаттар қабылдау, балаларды лагерьлерге жіберу, сондай-ақ білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсету бойынша өтініштер жеке жағдайлар бойынша тіркелді. Үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру қызметіне 2025 жылы сұраныс түскен жоқ.

2.1. Көрсетілген қызметтердің жылдық көлемінің құрылымы

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі	Саны	Үлесі, %
1	Білім беру ұйымдары арасында білім алушыларды ауыстыру	1	0.7
2	Мектепке дейінгі ұйымға қабылдау	17	12.7
3	Жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мектепке қабылдау	12	9.0
4	Үйде тегін оқытуды ұйымдастыру	0	0.0
5	Тегін және жеңілдетілген тамақтандыру	5	3.7
6	Қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерге жолдама беру	4	3.0
7	Қосымша білім беру ұйымына қабылдау	83	61.9
8	Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	3	2.2
9	Педагогтерді аттестаттауға құжаттар қабылдау	4	3.0
10	Білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсету	5	3.7


Ескертпе: қызметтердің толық атаулары салалық қағидаларда және мектептің ай сайынғы есептілігінде келтірілген.

2.2. Динамика

Ай	Қызмет саны	Мерзім бұзушылықтары	Шағымдар	Бас тартулар/қабылдан баулар
Қаңтар	0	0	0	0
Ақпан	1	0	0	0
Наурыз	0	0	0	0
Сәуір	8	0	0	0
Мамыр	1	0	0	0
Маусым	10	0	0	0
Шілде	4	0	0	0
Тамыз	13	0	0	0
Қыркүйек	91	0	0	0
Қазан	1	0	0	0
Қараша	4	0	0	0
Желтоқсан	1	0	0	0



Сурет 1. 2025 жыл бойынша айлар бөлінісіндегі мемлекеттік қызметтер көрсету динамикасы.



Сурет 2. 2025 жылы ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының көрсеткіштері

Ай сайынғы есептер деректеріне сәйкес 2025 жылы мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін бұзу фактілері тіркелген жоқ. Мектеп мекенжайына мемлекеттік қызметтердің сапасы мен оларды көрсету тәртібі бойынша қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ. Негізсіз бас тарту жағдайлары да тіркелмеді.

Аталған көрсеткіштер өтініштерді қабылдау мен өңдеудің тұрақты жолға қойылғанын, рәсімдердің сақталуына тиісті бақылау жасалатынын және қызмет көрсету нәтижелерінің уақтылы ресімделетінін көрсетеді. Сонымен қатар, оң нәтижені сақтап қалу

үшін нормативтік базаның өзектілігіне, құжаттарды ресімдеудің дұрыстығына және өтініш берушілерге уақтылы кеңес беруге тұрақты назар аудару қажет.

4. Талдау қорытындылары және жұмысты одан әрі жетілдіру шаралары

Статистикалық мәліметтер өтініштердің маусымдық сипаты айқын екенін көрсетеді. Өтініш берушілердің негізгі ағыны тамыз-қыркүйек айларында қалыптасады. Сондықтан алдын ала ұйымдастырушылық дайындық қажет: мектеп сайтындағы ақпаратты өзектендіру, өтініш үлгілерін қайта қарау, жауапкершілікті лауазымды тұлғалар арасында бөлу және ата-аналармен, заңды өкілдермен консультациялық жұмысты күшейту.

Өтініштердің ең үлкен үлесі қосымша білім беру ұйымдарына қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау қызметтерімен байланысты. Сондықтан дәл осы бағыттар бойынша түсіндіру жұмысының толықтығына, құжаттарды қабылдаудың дұрыстығына және кері байланыстың жеделдігіне ерекше назар аудару орынды.

2025 жылы шағымдар мен мерзім бұзушылықтардың болмауын ескере отырып, мектептің мемлекеттік қызметтер көрсету бағытындағы жұмысын қанағаттанарлық және тұрақты деп бағалауға болады. Сонымен бірге 2026 жылы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, өзара іс-қимылдың цифрлық арналарын дамыту, қызмет алушылар үшін ақпаратты жүйелі түрде жаңартып отыру және ішкі сапа бақылауын күшейту жұмысын жалғастыру қажет.

5. Қорытынды

Осылайша, 2025 жылы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Забелов жалпы білім беретін мектебі» КММ қолданыстағы заңнамада және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде көзделген он бағыт бойынша 134 мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етті.

Ұсынылған көрсеткіштер қызмет алушылар тарапынан теріс сипаттағы өтініштердің болмағанын, қызмет көрсету мерзімдерінің сақталғанын және мектептің мемлекеттік сервистік қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыстың орнықты ұйымдастырылғанын растайды.

Осы есеп мүдделі тұлғаларды таныстыру және заңнамада белгіленген тәртіппен жария талқылау жүргізу үшін мектептің ресми интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

Мектеп директоры



Р. Бисикеев